

Информаттық қорлар



**Орындағандар: Молжігіт А.
Отарбаев Д.
Ниязбек А.**

Климат қоры не үшін маңызды?

- Адам баласы және өсімдік пен жануарлар тіршілігі үшін жарық, жылу, ауа және т.б. қажет екені бұрыннан белгілі. Адам баласы климат қорларының маңызды емдеу факторлары ретінде пайдалануына болады. Медициналық және курорттық климатология ғалымдары бірқатар климат элементтерін (күн радиациясы, температура, ылғалдылық, жел және т.б.) кешендік сипаттаумен шұғылданады. Мысалы, «комфорт зонасы», яғни аталған климат элементтерінің үйлесімі адамның көңіл күйіне жайлы әсер етеді.*

- *Қазақстанның көп жерінде климат адамдардың денсаулығына тиімді. Медицина ғалымдарының зерттеулеріне қарағанда шөлді өңірлер мен тау тұрғындарының қан қысымы, әдеттегі жағдайға қарағанда, калыпты, гипертония ауруы сирек кездеседі. Қарағайлы ормандарда, өзен мен көл жағаларында, тау аңғарларында климаттық санаторийлер аз емес.*
- *Агроклиматтық қорларды сипаттайтын Қазақстан аймақтарының агроклиматтық анықтамалары шығарылады. Онда жылу мен ылғал қоры, ауыл шаруашылық дақылдарының даму сатылары, үсікке шалдығу ықтималдығы, күздік дақылдардың қысқы жайы, т.б. мәліметтер беріледі.*

- *Қазақстан аумағында жылу барлық ауыл шаруашылық дақылдарының пісіп-жетілуіне тікелей байланысты. Орташа тәуліктік температура 10°C -тан жоғары температураның жиынтығы едәуір ауытқиды: солтүстікте 2000° - 2100° , ал оңтүстікте 4300° - 4600° -қа дейін жетеді.*
- *Республиканың солтүстік бөлігінде орташа тәуліктік температура 10°C -тан жоғары болатын жерде өсіп-өну кезеңі 130-135 күнге созылады. Мұнда агроклиматтық корлар жаздық бидай, зығыр, көкөніс және бау-бақша өсіру үшін қолайлы деген сөз.*

- *Қазақстанның орталық бөлігінің климаты едәуір құрғақ. Жылу қорлары 2400°-2800°. Орташа температура 10°С-тан жоғары болатын кезең 150-160 күн. Мұнда дәнді дақылдар, күнбағыс, қарақұмық және картон өсіруге болады. Республиканың оңтүстігінде өсіп-өну кезеңінің ұзақтығы 180 күннен астам. Күннің жылуы мен сәулесінің молдығы күріш, мақта, темекі, жүзім, қант қызылшасы және т.б. жылу сүйгіш дақылдарды өсіруге мүмкіндік береді.*

- *Күн сәулесінің түсу ұзақтығы және радиацияның қарқынды түсуі жаз кезінде күн қуатын техникалық мақсатта молынан пайдалануға мүмкіндік береді. Шөлді аймақтарда гелиоэнергетикалық станса жоспарлануда.*



- *Қазақстанның оңтүстігінің едәуір бөлігінде қар жамылғысының жұқа болуынан, қыс айларында мал жайылым шөбін қар астынан өндіре алады. Бірақ климаттық жағдайлар барлық уақытта қолайлы емес. Жылылықтар мен аяздардың алма-кезек кайталануы, кенет жауған қарлар, күшті желдер қысқы жайылым жерлерінде қосымша жер қорларын дайындауға мәжбүр етеді.¹*

Назарларыңызға рақмет

